**"Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 24 қарашадағы № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30720 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.01.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы";

бұйрықтың 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.".

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Исполняющий обязанности министра*
*науки и высшего образование* *Т. Ешенкулов*
*Республики Казахстан*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жоғарғы соты

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2022 жылғы 24 қарашадағы
№ 152
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 17 маусымдағы
№ 391 бұйрығымен
бекітілген

**Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 20.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **Р/с №** | **Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары** | **Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|
| 1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін | | | |
| | "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30139 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 106 бұйрық) білім беру бағдарламасының болуы.<br>"Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | тізілімінде № 29031 болып тіркелді) (бұдан әрі - №348 бұйрық) ескере отырып және білім беру саласындағы салалық біліктілік шеңберін, "Педагог" кәсіптік стандартын ескере отырып әзірленген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) (бұдан әрі - №2 бұйрық) сәйкестігі.<br>"Құқық" кадрларын даярлау бағыты бойынша № 106 бұйрыққа сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының болуы. "Денсаулық сақтау" кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының "Денсаулық сақтау" саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына сәйкестігі (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-63 бұйрық) ( | № 2 және (немесе) № ҚР ДСМ-63 бұйрықтарға сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып/ жүзеге асырып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелері. | Біліктілік талабы құпия және қызметтік пайдалану үшін деген белгісі бар білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелді). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі - ЖЖОКББҰ) медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін интеграцияланған және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру бағдарламаларын ( резидентура, докторантура) іске асыру. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламасының № 2 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын сәйкестігі. | | ұйымдарына қолданылмайды | |
| | "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен ( нормативтік құқықтық | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген) ( бұдан әрі – № 569 бұйрық) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары жіктеуішінің кемінде 7 бағыты бойынша " Педагогикалық ғылымдар" бакалавриат кадрларын даярлау бағыты бойынша лицензияның болуы ( мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда) немесе бітірушілердің Ұлттық біліктілік тестін " Педагогикалық ғылымдар" даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларын бітірген жылы білім беру саласындағы мемлекеттік орган белгілегеннен шекті мәннің төмен емес нәтижелерімен. | | Лицензия алған кезде түлектердің Ұлттық біліктілік тестінен өтуі бөлігінде біліктілік талабы талап етілмейді. |
| | Білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес оқытушылардың болуы, оқытушылардың | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | білімінің оқытылатын пәндер бейініне және/немесе олардың ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесінің және(немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесінің/дәрежесінің және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе оқытылатын пәндер бейініне "профессор" (бар болса) ғылыми атағының сәйкестігі.<br>Негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын оқытушылардың үлесі білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың жалпы санына шаққанда:<br>"Өнер және гуманитарлық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша - кемінде 50 %;<br>"Бизнес және басқару", "Қызмет көрсету саласы", "Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", "Журналистика және ақпарат" кадрларды даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша, сондай-ақ азаматтық авиация саласында білім беру бағдарламаларын іске | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Пәннің бейіні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына және (немесе) пәннің мазмұнын, оқу саласының сипаттамаларын ескере отырып, "Ғылым туралы" ҚР Заңына сәйкес бекітілетін ғылыми бағыттардың | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | асыратын білім беру ұйымдары үшін - кемінде 40 %;<br>"Құқық" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша - кемінде 70 %;<br>Кадрларды даярлаудың өзге де бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша - кемінде 60 %.<br>Оқытылатын пәндер бейіні бойынша негізгі жұмыс орны бойынша практикалық кәсіптік қызметпен айналысатын, кадрлар даярлау бағыты бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар оқытушылардың (жалпы білім беретін пәндер циклінің оқытушыларын қоспағанда) қоса атқаратын үлесі соңғы 10 жылда кадрлар даярлау бағыты бойынша базалық және бейінді циклды пәндері оқытушыларының жалпы санына шаққанда кемінде 20 %. | | сыныптауышына сәйкес айқындалады |
| | "Сәулет және құрылыс" кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқытушыларының жалпы санынан оқытылатын пәндер бойынша өндірісте кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар бейіндік пәндер оқытушыларының үлесі -кемінде 50 %;<br>"Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында клиникалық жұмыс және( | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | немесе) санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарында, фармацевтикалық ұйымдарда кемінде 5 жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар бейіндік пәндер оқытушыларының үлесі кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша бейіндік пәндер оқытушыларының жалпы санына шаққанда – кемінде 50 % үлесін құру. "Құқық" кадрларды даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндер бейіні бойынша құқықтану саласында кемінде 5 жыл тәжірибелік жұмыс тәжірибесі бар бейіндік пәндер оқытушыларының үлесі, кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша бейіндік пәндер оқытушыларының жалпы санынан – кемінде 60 %. | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | Негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD )/бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі және( немесе) философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі/ дәрежесі/бейіні бойынша доктор және/немесе " қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" атағы бар және/немесе " Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | спорттық атағына ие болған оқытушылардың үлесі кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санына шаққанда - кемінде 40 %,<br>"Педагогикалық ғылымдар", "Құқық" кадрларын даярлау бағыттары бойынша - оқытушылардың жалпы санына шаққанда кемінде 50 %;<br>"Қызмет көрсету саласы", "Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", " Журналистика және ақпарат" кадрларын даярлау бағыттары бойынша – оқытушылардың жалпы санына шаққанда кемінде 30%.<br>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта білім беру ұйымдарының базасында ғылыми зерттеулер жүргізетін ЖЖОКББҰ негізгі жұмыс орны болып табылатын " Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласының кадрларын даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша бейіндік пәндер оқытушыларының үлесі – кемінде 10%.<br>"Өнер және гуманитарлық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттары бойынша: негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD )/бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі және( | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | немесе) академиялық дәрежесі/философия докторы (PhD) дәрежесі бар оқытушылардың үлесі/бейіні бойынша доктор және/немесе " қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар және / немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған оқытушылардың үлесі кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқытушылардың жалпы санына шаққанда – кемінде 40 %.<br>"Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша: негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD )/бейіні бойынша доктор) және(немесе) академиялық дәрежесі/ философия докторы (PhD ) дәрежесі/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағы бар оқытушылардың үлесі кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқытушылардың жалпы санына шаққанда – 40 %-дан кем емес; негізгі жұмыс орны ЖЖОКБҰ болып табылатын, " магистр" дәрежесі бар және/немесе резидентураны бітірген және(немесе) дәрігердің жоғары/бірінші біліктілік санаты бар базалық және | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бейіндік пәндер оқытушыларының және(немесе) соңғы 10 жылда клиникалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл оқытушылардың үлесі кадрлар даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санына шаққанда - 60%-дан аспайды.<br>Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі (PhD) /бейіні бойынша доктор) және(немесе) академиялық дәрежесі / философия докторы (PhD) дәрежесі / бейіні бойынша доктор, және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атағымен және/немесе педагогикалық өтілі кемінде 3 жыл подполковниктен төмен емес әскери (арнаулы) атағы бар оқытушылардың үлесі | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқытушылардың жалпы санына шаққанда - кемінде 40 %. | | |
| 6. | Кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары пәндерін 100% қамтамасыз ететін, оның ішінде оқыту тілдері бойынша шығарылған баспа және ( немесе) электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапханалық қорының болуы;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін - дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларға институционалдық жазылымның болуы;<br>Оның ішінде "Өнер" бығыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін " Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10921 болып тіркелген) шығару мерзімі шектеусіз ноталық әдебиеттің болуы. | Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br><br>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" бағыты бойынша оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы: білім беру бағдарламасының пәндерінің 100% - % қамтамасыз ететін соңғы он жылдағы баспа және ( немесе) электрондық басылымдар форматында , оның ішінде бейіндеуші компонент пәндерін қоспағанда, оқыту тілдері бойынша жарияланған пәндер |
| | ЖЖОКББҰ оқу корпустарының | | Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір медициналық пунктінің болуына рұқсат етіледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның болуы. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында - білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы. | Медициналық пункттермен қамтамасыз етілгені және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі. | "Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір медициналық пунктінің" болуы бойынша талап Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін қолданылмайды. |
| 8. | ЖЖОКББҰ оқу корпустарында білім алушылардың тамақтануына жағдай жасау. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары білім алушылары үшін тамақтандыру объектісінің болуы. | Санитариялық ережелерге сәйкес тамақтандыру объектісінің, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның тамақтану объектісіне қорытындысы болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір тамақтану объектісінің болуына рұқсат етіледі.<br>"Оқу корпустары ішкі өткелдермен қосылған жағдайда бір тамақтану объектісінің болуы" бойынша талап Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін қолданылмайды. |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтер: "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) және "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрықтың (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдардың кемінде 5 % қатысуымен білім беру ұйымдары үшін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ғимараттар (оқу үй-жайлары); білім беру ұйымдарының жайларында және (немесе) іргелес аумақтарда бейнебақылауды қамтамасыз ету.<br>"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодекстің 24-бабына (бұдан әрі – Кодекс) | | Білім беру ұйымын қайта ұйымдастыруға байланысты лицензия алу немесе лицензияны қайта ресімдеу кезінде алаңды есептеу оқу сабақтарының | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органы берген эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның болуы. "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша – меншікті немесе шаруашылық жүргізу немесе сенімгерлік басқару құқығында, немесе ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен келісім шарт негізінде жұмыс жасап отырған денсаулық сақтау саласында аккредиттелген клиникалық базалардың, білім беру ұйымдарының клиникасының болуы, медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін жедел басқару құқығындағы аккредиттелген клиникалық базаларымен, клиникаларымен, университеттік ауруханаларымен, резидентура базаларымен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымының денсаулық сақтау саласындағы практикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен және ғылыми ұйымдармен жасалған тиісті меморандумдармен және шарттармен | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық база туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).<br>Ғимараттарға (оқу корпустарына), клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері. Ғылыми ұйымдармен және денсаулық сақтау ұйымдарымен жасалған шарттардың көшірмелері.<br>Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің көшірмесі. | ауысымдылығын ескере отырып, Санитариялық қағидаларда белгіленген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | расталған өңірдің денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық орталықтың құрамында болуы. "Сәулет және құрылыс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мамандандырылған аудиториялардың ( құрылыс материалдары және құрылыс физикасы бойынша; студиялық сабақтар үшін; гипс фигуралары, сәулет бөлшектері, мольберттер қоры бар макет шеберханасы және т.б.) және шығыс материалдары бар 3D принтерлермен жабдықталған зертханалардың болуы. "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін дайындық бейініне сәйкес келетін полигонның және атыс тирінің (виртуалды тирдің) болуы. "Құқық" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін криминалистикалық полигон мен сот отырыстары залының болуы. | | нормалар негізге алына отырып жүргізіледі. |
| | ЖЖОКББҰ ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ғимараттарда жағдай жасауы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | көтеру құрылғыларымен және баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу, мүгедектігі бар адамдардың автокөліктерін қою үшін орындар бөлу). | базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| | Сымсыз технологияларды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, "Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – 595 бұйрық) келетін компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы, кадрлар даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базамен, жабдықтармен жарақтандырылуы; "Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен (нормативтік құқықтық | | Сымсыз технологияларды қоса алғанда, біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 11. | актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорымен ( бұдан әрі - ҰБДҚ) сәйкестігі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ҰБДҚ жекелеген нысандары бойынша.<br>Edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.<br>Медициналық бағыттар бойынша кадрлар даярлау үшін денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бекітілген № ҚР ДСМ-63 құзыретті меңгеру үшін жабдықталған симуляциялық кабинеттің (орталық) болуы.<br>"Сәулет және құрылыс" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды.<br>№ 570 бұйрығымен бекітілген білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорымен сәйкестігі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына бағынысты білім беру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | іске асыратын білім беру ұйымдары үшін ақпараттық модельдеу технологиясын іске асыратын мамандандырылған бағдарламалық кешендердің болуы. | | ұйымдарына қолданылмайды. |
| 12. | "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысымен бекітілген тиісті оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы құнының кемінде 30 %-ын құрайтын ақылы негізде бір білім алушыға білім беру ұйымдарының ең төменгі шығындарының сәйкестігі. | Тиісті оқу жылына арналған ең төменгі шығындардың сәйкестігі туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| | Оқытушыларға үш жылда кемінде бір рет негізгі қызметінен босатылып және кемінде 72 сағат көлемінде оқу курсында біліктілігін арттыруды қамтамасыз | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | ету; білім беру ұйымдарының басшылары үшін үш жылда кемінде бір рет менеджмент саласында біліктілікті арттыру; " Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша-денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес; " Сәулет және құрылыс" кадрларын даярлау бағыты бойынша оқытылатын пәндер бейіні бойынша -үш жылда кемінде бір рет ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау және өндірістік ұйымдарда: " Өнер" кадрларын даярлау бағыты бойынша оқытылатын пәндердің бейіні бойынша-білім беру, шығармашылық, ғылыми-зерттеу және мәдениет және өнер саласындағы басқа да ұйымдарда кемінде үш жылда бір рет. | Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәліметтер; білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне , Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілігін арттыру оқытылатын пәндер бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша немесе көлемі 36 академиялық сағаттан кем емес оқыту әдістемесі бойынша жүргізіледі. |
| 14. | Кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын тиісті бейіндегі оқытушылардың және ( немесе) мамандардың студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына) жетекшілік атқаруы. | Кадрларды даярлаудың сұралатын /іске асырылатын бағытының тиісті бейіні бойынша ғылыми басшылықты жүзеге асыратын оқытушылар және ( немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандар туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша). | |
| | Практика базалары туралы мәліметтер, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" кадрларын | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15. | даярлау бағыты үшін - азаматтық заңнамаға сәйкес педагогикалық практика базалары бойынша және дуальды оқыту бойынша мектепке дейінгі және/немесе бастауыш, және/немесе негізгі және/немесе жалпы орта және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім ұйымдарымен шарттардың болуы. "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлауды бағыттау үшін-азаматтық заңнамаға сәйкес ғылыми-практикалық базалармен (клиникалық базалармен; Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникаларымен немесе университеттік ауруханамен) шарттардың және шетелдік жетекші медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы меморандумдардың болуы. Медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін клиникалық базаларда білім алушыларды даярлау кезеңінде білікті медицина қызметкерлері қатарынан тәлімгерлердің болуы. Кадрларды даярлау бағыты үшін-азаматтық заңнамаға сәйкес құқықтану саласындағы ұйымдармен кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша шарттардың болуы. | Кадрларды даярлаудың сұратылатын/іске асырылатын бағытына сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен практикадан өтуге және дуальды оқыту жөніндегі шарттардың көшірмелері, "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлауды жіберу үшін – практикадан өтуге арналған шарт және стратегиялық әріптестік туралы шарт. Практикадан өту шарты практикадан өту сәтінде қолданыста болуы тиіс және шартты ұзарту туралы тармақты қамтуы мүмкін. | Біліктілік талабы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16. | Бакалавриат түлектерін кадрлар даярлау бағыты бойынша жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер, бұл ретте бітірген жылы ішінде кадрлар даярлау бағыты бойынша түлектердің жалпы санына шаққанда жұмысқа орналастырылғандардың үлесі - кемінде 50 %, оның ішінде кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілуі – кемінде 50 %. "Педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау үшін - кемінде 60%, "Құқық" кадрларын даярлау үшін – кемінде 60%, "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау үшін – кемінде 80 %, оның ішінде кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз ету – 50 %.<br>Бұл ретте жұмысқа орналастырылған түлектердің санына екінші жоғары білім беру бағдарламалары бойынша, күндізгі оқу нысаны бойынша, резидентурада немесе магистратурада немесе докторантурада оқуды жалғастырған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақырылған түлектер, 3 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста жүрген адамдар кіреді. | Жұмыс орнынан растайтын құжаттардың көшірмесі | Біліктілік талаптары лицензия және (немесе) қосымша алған кезде білім беру ұйымдарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне қолданылмайды. |
| | | | Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17. | Жалпы мұқтаж білім алушылар санынан басқа қаладан келген білім алушылардың кемінде 70 %-ының тұруы үшін ( жатақаналар/хостелдер/ қонақ үйлер) жағдай жасау | Ұлттық білім беру дектер қоры мәліметтерінің нақты деректерге сәйкестігі | Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қоспағанда жатақханалардың және ( немесе) білім беру ұйымының басшысы бекіткен жатақханалармен/ қонақ үйлермен шарттардың болуы туралы мәліметтер .<br>Жатақхананың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы. |
| 18. | Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау жолымен ЖЖОКББҰ-ға қабылдауды қоспағанда, кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша соңғы 2 жылда білім алушыларды үздіксіз қабылдауды ЖЖОКББҰ-ның жүзеге асыруы. | | Біліктілік талаптары лицензияны алу кезінде білім беру ұйымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| | Басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынаны ( парафраз) өзгертпей, сөздер мен сөйлемдерді | | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына, Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
